

УДК 338:91 (574.54)

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫң МИНЕРАЛДЫ РЕСУРСТАРЫ  
ЖӘНЕ ОНЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

А.Н.Абуев, Б.Т.Тасболат   
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Мемлекеттің ең бірінші кезектегі мәселесі табиғат ресурстарын пайдалану белгілі бір тәртіпке бағындырып, жүйеге келтіру. Жалпы жер, су, тау, тас, қазба байлық көздері мемлекеттік меншік болып табылатындықтан, оларды пайдалану мен коргауды мемлекет өз міндетіне алып, орын алған жағдайларға карай нақты шараларды жүзеге асыруды ұйымдастырады.

Қазақстан республикасының бүкіл экономика салаларының дамуы үшін арқа сүйеп отырған ірі табиғи байлыққа ие. Осындай ресурстар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың бар болуы және де олардың пайдаланылуы Қазақстан халқының тек баюына және өркендеуіне ғана алып келген жоқ, сонымен қатар республиканың бүкіл аймактарында экологиялық жағдайдың шиелінісіне табиғатқа антропогенді әсер етудің артуына, табиғи ресурстарды пайдалануда ысырапышылықтың пайда болуына да себебіші болды.

Осындай коршаган ортандың сапасының нашарлауынан, табиғи-ресурстық потенциалдың кемуінен және де жер беті мен су экологиялық жүйелерінің кері кетуінен байқалып отыр.

Қазақстан республикасында қоршаган ортандың қорғау мен табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі өте маңызды орында.

Себебі, еліміздің территориясында 1998ж. 80-нен астам елді мекенде орналасқан 2921 өндірістік өнеркәсіппер болды. Соның ішінде I және II класына жататын қалдықтары бар түсті және кара металургияның, химия мен нефтехимия өндірісінің 151 ірі өнеркәсібі және жылу энергетикасының 138 өнеркәсіппері бар.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша экологиялық жағдай ауыр күйде калып отыр. Облыс экономикасының «экология жағынан лас» өндірістері бар болғандықтан, табигаттың корғау кондырыларының жетіспеушілігінен, табиғи ресурстардың кешенді колданылуы жөнінен технологиялық шешімдердің жоқтығынан облыстың су, жер ресурстарының, өндірістік аудандардың ауа бассейнінің ластануының өте жогары деңгейіне және кейбір территориялардың деградациясына әкеліп сокты.

Оңтүстік Қазақстан облысының қоршаган ортаны қорғау және табигат байлықтарын тиімді пайдалану басқармасының мәліметтері бойынша облыстағы өндіріс қалдықтарын қайталама шикізат ретінде қолдануы не бары 0,3 пайзы.

Ал 500 га. асатын жерді алып жатқан тау өнеркәсібінің қалдықтарынан атмосфераға шығатын шанының көлемі 10 млн. т. асты. Бұл облыс территориясындағы барлық шығарылыстардың есептелген көлемінен 800 есе көп.

Өндірістің қарқынды дамуы, оның ауқымының кеңеюі, ғылыми техникалық прогресс нәтижесінде өнеркәсіп салаларының бәрінінде жедел өркендеуі, табиги ресурстарды тиімді пайдалануда қоршаган ортаның табиги күйін сақтаудың бүгінгі күн тақырыбына ең өзекті мәселе етіп қойып отыр.

Табигатты қорғау және тиімді пайдаланудың, жоспарлаудың басты мақсаты-табиги ортаның тенденсігін сактау, минералды ресурстарының үнемделуін молаюын тиімді пайдалануын қамтамасыз ету.

Қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстан облысы территориясында 250 млн. т. астам өндіріс және тұтыну қалдықтары жиналған. Барлық қалдықтардың, урбанизацияның деңгейі биік жерлерде орналасқандықтан, экологиялық қаупі жоғары болып табылады (1-кесте).

1-кесте. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өндіріс пен тұтыну қалдықтарының түзілу көлемі

Қалдықтың атапуы	1.01.96. күніне дейінгі жағдай	1.01.97. күніне дейінгі жағдай	1.01.98. күніне дейінгі жағдай	1.01.99. күніне дейінгі жағдай
Облыс бойынша барлығы:	197132,38	198115,33	199405,13	200905,4
Соның ішінде:				
1. жыныстар қалдықтары	31366,9	31866,9	32416,9	33016,9
2. байыту қалдықтары	160384,4	160684,4	161184,4	16884,4
3. корғасын өндірісінің қалдықтары	2405,18	2450,0	2550,0	2650,0
4. фосфор өндірісінің қалдықтары	2275,9	2294,03	2314,01	2334,05
5. күл	358,0	408,0	463,0	545,0
6. тұрмыс қалдықтары	700,0	820,0	940,0	0160,0

Өндірістің қалдықтардың негізгі көлемі «Ачполиметалл» АҚ, «ШКЗ» АҚ және «Фосфор» АҚ территориясында шоғырланған. «ШКЗ» АҚ-ның токсикалық қалдығы-кальций арсенаты-арнайы салынған полигонда сакталады. Бұл жағынан «Ачполиметалл» АҚ-да жағдай киындау. Қаржының жоқтығынан Күшатадағы жана жобаланған қойманың салынуы тоқтатылған, ал Баялдырағы ескі қоймада шан басу қондырғылары мен дамбаны өсіру көзделіп отыр.

Қалдықтардың ішіндегі ең қауіптің, әрине-радиоактивті қалдықтар әсіресе, олардың сактау ережелері бұзылған жағдайда. Облыста иондаушы сәулелердің жабық түріндегі 4 мынға жуық көздері (гаммаэффектоскоп, өрт сөндіргіш сәуле таратқыштар, рентген қондырғылар) және 100-ден астам ашық түріндегі құралдар бар.

Сонымен бірге, өндіріс қалдықтарын колдану көлемі көп емес. Энергия ресурстарының кемдігінен «ШКЗ» АҚ-да шлактардың фьюмингісі және олардың қалдықсыз қайта ондеу технологиясы косылмаған (2-кесте).

2-кесте. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өндіріс пен тұтыну қалдықтарын колдану көлемдері

Қалдықтың атапуы	1.01.96. күнгі жағдай	1.01.97. күнгі жағдай	1.01.98. күнгі жағдай	1.01.99. күнгі жағдай
Барлығы (%)	542,45 (0,27)	512,50 (0,27)	550,10 (0,27)	560,15 (0,28)
1. Корғасын өндірісінің қалдықтары	34,05 (1,40)	20,00 (0,80)	25,00 (0,98)	30,00 (1,13)

2. Фосфор өндірісінің қалдықтары	95,15 (4,2)	72,40 (3,10)	79,0 (3,45)	80,0 (3,43)
3. Күл	0,0 (0,01)	0,10 (0,02)	0,13 (0,02)	0,15 (0,03)
4. Жыныс қалдықтары	413,20 (1,3)	420,0 (1,30)	445,0 (1,35)	430,0 (1,37)
5. Байыту қалдықтарының түзілуі (колданылмайды)	160384,4	160675,6	161196,7	168273,2
6. Қатты-тұрмыс қалдықтары (колданылмайды)	700,0	820,0	940,0	1060,0

Технологиялық мүмкіндіктер мен қазіргі экономикалық жағдайды талдау, қайталама шикізатты табиғи шикізатқа қарағанда экономикалық жағынан тиімді екенін көрсетті. Себебі, өндіріс қалдықтары құрылыштың шоғырланған жерінде орналасады, геологиялық зерттеулерді қажет етпейді және өндіре орындарында тасымалдауға қаржы жұмсалмайды.

Сонымен бірге, олардың көбісі жұмыс істеп жатқан технологиялық жүйелерде (фосфор мен қорғасын өндірісінің шлактары) колдануға лайық жана цехтарды салу қаржы керек етпейді. Сондықтан, облыс экономикасын дамытудың перспективті және маңызды мақсаты қайталама ресурстардың алғашқы шикізат пен материалдардың орнына қолдану немесе қалдықтардың түзілуін болдырмау не кемітү болып табылады.

#### Әдебиет

- 1 Мұқаұлы С., Упешов Е. Табигатты пайдалану экономикасы.-Алматы, 1999.
- 2 Фурсов В. Қоршаған ортаның экологиялық мәселелері.-Алматы, 1991.
- 3 Қаражанов Д. Су және жер койнауы ресурстары.- Алматы, 2002.
- 4 ОҚО-ның қоршаған ортаны корғау және табиғат байлықтарын тиімді пайдалану мекемесінің мәліметтерінен.

#### Резюме

В данной статье рассмотрены использование минеральных ресурсов Южно-Казахстанской области и его воздействие на окружающую среду.

#### Summary

In given article use of mineral resources of the Southern-Kazakhstan area and its influence on an environment are considered.